

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы" Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге хаттамаға қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 194

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге хаттамаға қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы "Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы" Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге хаттамаға қол қою туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы" Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге Хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі Қайрат Қуатұлы Әбусейітовке оған қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасы атынан "Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы" Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісімге хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

жоба

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан

Республикасының арасындағы келісімге хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Р е с п у б л и к а с ы ,

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы 2001 жылғы 29 қарашадағы келісімді (бұдан әрі - Келісім) негізге ала о т ы р ы п ,

Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлу орта сызығының географиялық координаттарын анықтау мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттамамен Тараптар Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлудің жағалық сызықтағы және аралдардағы бастапқы базалық нүктелерінен бірдей алыстау негізінде құрылған (бастапқы базалық нүктелердің географиялық координаттарының Каталогы - 2 қосымша) орта сызық өтуінің географиялық координаттарын белгілейді (орта сызықтың географиялық координаттарының Каталогы - 1 қосымша).

2-бап

Солтүстік ендіктің $42^{\circ} 33',6$ және шығыс бойлықтың $49^{\circ} 53',3$ координаттары бар Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлу сызығының түйісу нүктесі орта сызықтың бастапқы нүктесі болып табылады.

Солтүстік ендіктің $41^{\circ} 32',4$ және шығыс бойлықтың $50^{\circ} 56',6$ координаттары бар нүкте межелеп бөлудің соңғы нүктесі болып табылады, ол Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Түркіменстан арасындағы Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлудің түйісу нүктесі ретінде қабылдануы мүмкін, мұның өзі олардың арасындағы үш жақты келісімде белгіленетін болады.

3-бап

Межелеп бөлудің орта сызығы Тараптар келіскен Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлу схемасына енгізілген (3-қосымша).

4-бап

Осы Хаттама Келісімнің 7-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

_____ қаласында _____ жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Негізгі Хаттаманың ережелерін түсіндіру мақсатында Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҮШІН

ҮШІН

Қазақстан Республикасы мен
Әзірбайжан Республикасы арасындағы
Каспий теңізі түбін шектеу туралы
Қазақстан Республикасы мен
Әзірбайжан Республикасының
арасындағы келісім хаттамасына
1 қосымша

Орта сызықтың географиялық координаттарының КАТАЛОГЫ

Орта сызықтың бұрылыс нүктелерінің нөмірлері	Солтүстік	Шығыс бойлық ендік
ҚР, ӘР, РФ үш мемлекеттің түйісу нүктесі	42 ° 33',6	49 ° 53',3
1	42 ° 25',8	50 ° 00',3
2	42 ° 24',5	50 ° 01',7
3	42 ° 22',3	50 ° 03',8
4	42 ° 20',9	50 ° 05',4
5	42 ° 20',2	50 ° 06',4
6	42 ° 20',7	50 ° 06',9

7	42 ° 17',0	50 ° 10',1
8	42 ° 16',4	50 ° 10',8
9	42 ° 11',1	50 ° 17',5
10	42 ° 10',4	50 ° 18',5
11	42 ° 06',5	50 ° 23',6
12	42 ° 05',2	50 ° 25',4
13	41 ° 57',9	50 ° 36',0
14	41 ° 57',4	50 ° 36',8
15	41 ° 56',6	50 ° 38',0
16	41 ° 55',8	50 ° 38',7
17	41 ° 53',2	50 ° 41',2
18	41 ° 51',3	50 ° 41',9
19	41 ° 50',6	50 ° 42',2
20	41 ° 47',8	50 ° 43',1
21	41 ° 39',1	50 ° 50',4
22	41 ° 37',0	50 ° 52',3
23	41 ° 35',3	50 ° 53',8
24	41 ° 33',4	50 ° 55',5
<hr/>		
25 нүкте (соңғы)	41 ° 32',4	50 ° 56',6

Қазақстан Республикасы мен
 Әзірбайжан Республикасы арасындағы
 Каспий теңізі түбін шектеу туралы
 Қазақстан Республикасы мен
 Әзірбайжан Республикасының
 арасындағы келісім хаттамасына
 2 қосымша

**бастапқы базалық нүктелердің географиялық координаттарының
 КАТАЛОГЫ Қазақстан Республикасы**

R/N	N	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
-----	---	-----------------	--------------

1	43 ° 09',1	51 ° 16',2
2	43 ° 09',1	51 ° 16',6
3	42 ° 50',1	51 ° 54',3
4	42 ° 05',0	52 ° 25',4
5	41 ° 46',6	52 ° 26',5
6	41 ° 46',1	52 ° 26',7

Әзірбайжан Республикасы

R/H N N	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	41 ° 45',6	48 ° 42',4
2	41 ° 35',8	48 ° 51',9
3	41 ° 32',2	48 ° 55',8
4	41 ° 28',0	48 ° 59',6
5	41 ° 22',7	49 ° 04',4
6	41 ° 21',8	49 ° 05',0
7	41 ° 18',9	49 ° 06',7
8	40 ° 35',7	50 ° 04',3
9	40 ° 29',3	50 ° 19',9

Қазақстан Республикасы мен
 Әзірбайжан Республикасы арасындағы
 Каспий теңізі түбін шектеу туралы
 Қазақстан Республикасы мен
 Әзірбайжан Республикасының
 арасындағы келісім хаттамасына
 3 қосымша

Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбінің учаскелері мен жер қойнауын межелеп бөлу схемасы

Схеманы қағаз мәтіннен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК